



“Ақтөбе қаласының білім бөлімі ” ММ
“№24 “Аққу” бөбекжай-балабақшасы” МКҚК

Қамқоршылық кеңесінің құжаттары

Ақтөбе қаласы



Қамқоршылық кеңесінің мақсаты:

1. Мектепке дейінгі ұйымның жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету
2. Мектепке дейінгі ұйымның дамуына ықпал ету, жұмысын жан-жақты қолдау, көмек көрсету, соның ішінде қаржылық және материалдық, әлеуметтік көмек беру;
3. Мектепке дейінгі ұйымның қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету
4. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу мен білім беру үдерісінің сапасын жақсарту
5. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің құқықтарының қорғалуына ықпал ету;



Қамқоршылық кеңесінің функциялары:

1. Мектепке дейінгі ұйымды дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды келіседі;
2. Қамқоршылық кеңес анықтаған мектепке дейінгі ұйым жұмысындағы кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;
3. Мектепке дейінгі ұйымның бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлейді;
4. Мектепке дейінгі ұйымына қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы қаражатын бөлу жөнінде келіседі және хаттамалық шешім шығарады, демеушілік, қайырымдылық көмекті пайдалану бағыттарын, мөлшері мен тәртібін таңдау жөнінде шешім қабылдайды;
5. Тәрбиеленушілердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен бостандықтарының сақталуына бақылауды жүзеге асыруға, олардың құқықтарын қорғауға, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды физикалық, психикалық және өзге де зорлық-зомбылық пен кемсітушіліктен қорғауға жәрдемдеседі;
6. Санитариялық-гигиеналық жағдайлардың сақталуына, тамақтану сапасына, ауыз су режиміне, іргелес аумақтың жай-күйіне қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;
7. Қиын өмірлік жағдайға тап болған тәрбиеленушілерге қолдау көрсету және материалдық-техникалық базаны нығайту үшін мектепке дейінгі ұйымның шотына түсетін демеушілік қаражаттың жұмсалтуына бақылауды жүзеге асырады;
8. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу процесіне мониторинг жүргізеді;
9. Мектепке дейінгі ұйым қызметінің мәселелері бойынша мәдени, сауықтыру іс-шараларын, конференцияларды, кеңестерді, семинарларды өткізуге жәрдемдеседі;
10. Қамқоршылық кеңестің қызметі оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.



Қамқоршылық кеңесінің төрағасының міндеттері:

- ❖ Қамқоршылық кеңесінің басшысы болып табылады
- ❖ Қамқоршылық кеңесінің атынан әрекет етеді
- ❖ Қамқоршылық кеңесінің отырыстарын жүргізеді
- ❖ Қамқоршылық кеңесінің отырыстарының шешімдерінің орындалуын қадағалайды
- ❖ Өзге мекемелермен қарым-қатынаста Қамқоршылық кеңес атынан әрекет етеді.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің міндеттері:

- ❖ Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастырудың Қағидаларын сақтайды
- ❖ Қамқоршылық кеңесінің жұмысына белсене қатысады
- ❖ Қамқоршылық кеңесінің шешімдерін орындайды

Қамқоршылық кеңесінің жұмыс бағыты

Шынықтыру, дамытушы,
мәдени іс-шараларды
ұйымдастырып өткізуге
көмек беру

Өзге мекемелермен өзара
қарым-қатынасты орнатып
дамыту



Тұрмыстық жағдайды
жақсартуға, материалдық-
техникалық базаны
жаңартуға ықпал ету



Қамқоршылық кеңесінің құрамы

Қамқоршылық кеңесінің
төрағасы

Қамқоршылық кеңесінің
мүшелері

Қамқоршылық кеңесінің
хатшысы



Қамқоршылық кеңесінің жұмыс тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңесі тоқсанына кемінде бір рет отырыс өткізеді.
2. Мектепке дейінгі ұйым басшысының мектепке дейінгі ұйымның қызметі туралы есептерін жылына екі рет тыңдайды.
3. Түскен қаражаттың жұмсалуды туралы есеп береді.
4. Балабақшаның дамуы мен мәселелерін талқылайды.
5. Ұсыныстар мен шешімдер қабылдайды.

Қамқоршылық кеңесінің құрамы:

«АКТОБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
«№24 «АККУ»
БОБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ
КАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ



030014, г. Актобе, и.Дюкова
тел: 87029127430

ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА АКТОБЕ»
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ «АСЛ»
САЛ №24 «АККУ»

Бұйрық №20

06.10.2023 жыл

Қамқоршылық кеңесін құру туралы

«Білім туралы» ҚР Заңының 44-б. 9-т. сәйкес, «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны білім беру ұйымдарында сыйлау тәртібін бекіту туралы» ҚР БҒМ 27.07.2017 ж. №355 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтырулар 03.01.2023 ж. №56) ережесіне сәйкес

Бұйырымын:

1. «№24 «Акку» бобекжай-балабақшасы» МККК—да оқалы басқару нысандарынан бірі ретінде балабақша базасында келесі құрамда:
Қамқоршылық кеңес құралсаң;
Мәден А.Б.
Жолмуратова Г.С.
Дармиева Д.У.
Тленова Д.К.
Сыманова Г.Т.
Толеуқызы М.
Кудманова А.
Нағымбетова Н.А.
Балмағамбетова Г.Т.
Хатина: Көктербаева Г.Б.
2. Үлгілік жиналаларға және алдымендегі оқу жылдарына арналған Қамқоршылық кеңестің бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес Қамқоршылық кеңестің мүшелерімен аара іс-қимыл жасалсын

Негізі: ҚР «Білім туралы Заңы» 44-б. 9-т.
ҚР БҒМ 27.07.2017 ж. №355 бұйрығы

«№24 «Акку» бобекжай-балабақшасы» МККК
менгерушісі:



Жаппасғитова Ф.Ж.



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

20 23 жылғы «04» 10
Ақтөбе қ.

№ 328

« » 20 года
г.Ақтөбе

Қамқоршылық кеңес құрамын қайта бекіту

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтырулар 01.03.2023 №56) «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережесіне сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Ақтөбе қаласының №11 жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» КММ, «Ілияс Есенберлин атындағы №15 орта мектебі» КММ, «№36 қазақ орта мектебі» КММ, «№48 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ, «№49 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ, «№52 негізгі мектеп» КММ, «Бауыржан Момышұлы атындағы №62 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ, «Міржакып Дулатұлы атындағы №63 жалпы білім беретін орта мектеп-лицейі» КММ, «Мұқағали Мақатаев атындағы №73 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ, «№77 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ, «№78 жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» КММ, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы лингвистикалық мектеп-гимназия» КММ, «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК, «Қалалық оқушылар сарайы» МКҚК сұраныстары негізінде қамқоршылық кеңесінің құрамы қосымшаға сәйкес қайта бекітілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау бөлім басшысының орынбасары Ж.Шалабаеваға жүктелсін.

Ақтөбе қаласы білім
бөлімі басшысы



М.Қосымбаева

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

1	Маден Анар Бекболатқызы	Кенес төрағасы
2	Жолмуратова Гүлзат Серікқызы	Кенес мүшесі
3	Даришева Данара Уразаевна	Кенес мүшесі
4	Тлепова Ляззат Киякбаевна	Кенес мүшесі
5	Симанова Гүлдана Тагибергеневна	Кенес мүшесі
6	Төлеуқызы Мөлдір	Кенес мүшесі
7	Кулманова Арайлым	Кенес мүшесі
8	Нағыметова Нұргүл Аманбекқызы	Кенес мүшесі
9	Балмагамбетова Гүлсана Тұймеханқызы	Кенес мүшесі

«Қалалық оқушылар сарайы» МКҚК

1	Кенжебаева Дина Шалабаевна	Кенес төрағасы
2	Азиев Есенбол Амангелдиевич	Кенес мүшесі
3	Изимов Кайрат Насрадилович	Кенес мүшесі
4	Абиева Гүльжахан Темирхановна	Кенес мүшесі
5	Ақбаева Алия Таубаевна	Кенес мүшесі
6	Боранбаева Зинегуль Советовна	Кенес мүшесі
7	Нелюбина Татьяна Ивановна	Кенес мүшесі
8	Уракова Нурлан Иганбергеневна	Кенес мүшесі
9	Соловьянко Анастасия Викторовна	Кенес мүшесі

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары

№	Іс-шаралардың атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Мектепке дейінгі білім берудің нормативтік құқықтық базасымен танысу	Қыркүйек айы	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
2	Мектепке дейінгі ұйымның Даму бағдарламасы мен жылдық жұмыс жоспарымен танысу	Қыркүйек айы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
3	«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК Жарғысына өзгерістер немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлеу (қажет болған жағдайда)	Қыркүйек айы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
4	Қосымша ақылы білім беру қызметтерін келісу	Қыркүйек айы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
5	Қамқоршылық кеңес пен мектепке дейінгі ұйым жұмысында анықталған кемшіліктерді жою туралы «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК әкімшілігіне ұсыныстар енгізу	Қыркүйек айы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
6	Ата-аналар қоғамдастығымен топтарда буклеттер, мектепке дейінгі ұйымның ресми интернет-ресурсында ақпарат орналастыру арқылы Қамқоршылық кеңестің қызметі туралы ақпараттық-ағартушылық жұмыс жүргізу	Бір жылдың ішінде	Қамқоршылық кеңесінің хатшысы
7	Білім беру процесін қамтамасыз ету мен дамытуға көмек көрсету	Бір жылдың ішінде	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
8	Мектепке дейінгі ұйымды дамыту үшін қайырымдылық көмек көрсету мақсатында демеушілерді тарту	Бір жылдың ішінде	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
9	«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиеленушілерінің құқықтарының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру	Бір жылдың ішінде	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
10	Қайырымдылық көмек көрсету: - мұқтаж тәрбиеленушіледі әлеуметтік қолдау; - «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК материалдық-техникалық базасын нығайту; - дарынды балаларды қолдау; - білім беру процесін ұйымдастыруға арналған шығыстарды жүзеге асыру	Бір жылдың ішінде	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
11	Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жұмыс жоспарына сәйкес іс-шараларға қатысу	Бір жылдың ішінде	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
12	Ата-аналардың мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру жағдайларына қанағаттану дәрежесін анықтау мақсатында анонимді сауалнама жүргізу	Жылына бір рет (наурыз айы)	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
13	«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК менгерушісінің мектепке дейінгі ұйымның қызметі туралы есептерін тыңдау	Жылына екі рет	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Қамқоршылық кеңесінің отырыстары

1	№1 кеңес отырысы: 1. Қамқоршылық кеңесінің құрамын нақтылау 2. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын талдау 3. Қамқоршылық кеңесінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын құру және бекіту 4. «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК –ның тәрбиеленушілерді тамақтандыру бойынша күзгі-қысқы мезгіліне арналған он күндік ас мәзірін талдау 5. Әртүрлі мәселелер	Қыркүйек айы
2	№2 кеңес отырысы: 1. Оқу жылының бірінші жартыжылдығында жасалған жұмыстарды қорытындылау 2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бойынша талдау 3. «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісінің мектепке дейінгі ұйымның қызметі туралы есебін тыңдау 4. Әртүрлі мәселелер	Қаңтар айы
3	№3 кеңес отырысы: 1. Ата-аналардың мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру жағдайларына қанағаттану дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілген анонимді сауалнаманы қорытындылау 2. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру жағдайларының ары қарай дамуын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу 3. Әртүрлі мәселелер	Наурыз айы
4	№4 кеңес отырысы: 1. «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісінің мектепке дейінгі ұйымның қызметі туралы есебін тыңдау 2. Қамқоршылық кеңесінің оқу жылындағы жұмысын қорытындылау. Проблемаларды талдау, даму стратегиялары мен перспективалары 3. Жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру туралы 4. Әртүрлі мәселелер	Мамыр айы

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Мәдени А.Б.
(Т.А.Ә., қолы)

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы:

Қошербаева Т.Б.
(Т.А.Ә., қолы)

**Қамқоршылық кеңесі
отырыстарының хаттамалары**

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

2025-2026 оқу жылы

Қамқоршылық кеңесінің І-отырысы

Хаттама №1

Өткізілген күні: 29.08.2025 ж.

Қатысты: 9

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібі:

1. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын талдау
2. Қамқоршылық кеңесінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын құру және бекіту
3. «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК –ның тәрбиеленушілерді тамақтандыру бойынша күзгі-қысқы мезгіліне арналған он күндік ас мәзірін талдау
4. Әртүрлі мәселелер

Отырыстың барысы:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Маден А.Б. қамқоршылық кеңесінің І-отырысын аша отырып, күн тәртібімен таныстырды: «Қамқоршылық кеңесінің құрамы өзгермей қала береді. Осы құрамда осы оқу жылында да жұмыс жасай береміз»

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері біріге отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекүті туралы» №355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы №56 бұйрығын талқылады. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру тәртібімен таныстырылды.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Маден А.Б. 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын құруды ұсынды. Барлық мүшелер арасында жұмыс жоспары талқыланып, құрылды. Барлық Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің қолдауымен жылдық жұмыс жоспары бекітілді.

Жұмыс жоспары бойынша өткізілетін іс-шараларды ұйымдастыру жолдары қарастырылды.

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК–ның тәрбиеленушілерін тамақтандыру бойынша күзгі-қысқы мезгіліне арналған он күндік ас мәзірі талқыланды. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Маден А.Б. тамақтандырудың жаңа стандартымен таныстырды: «2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарында тамақтанудың жаңа санитарлық ережелері күшіне енеді. Ол 04.03.2025 жылғы № 16 бұйрықпен бекітілген және барлығына міндетті. Білім беру ұйымдарындағы тамақтандыру

режимі мен саны оның жұмыс кестесіне және баланың білім беру ұйымында қанша уақыт өткізетініне байланысты. Егер бала білім беру ұйымында 7-10 сағат болса, 3 рет тамақтандырылады. Әр балабақша үшін тамақтандыру арасындағы санитарлық талаптар сақталуы керек. Олардың арасындағы аралық төрт сағаттан аспауы керек. Күніне үш рет тамақтану кезінде таңғы ас бала келгеннен кейін екі сағаттан кешіктірілмеуі керек. Түскі ас пен түстен кейінгі тағамдар күндізгі ұйқы мен іс-әрекеттерді ескере отырып, біркелкі бөлінеді. Тәулік бойы жұмыс істейтін мекемелерде кешкі ас пен таңғы ас арасындағы үзіліс 10 сағаттан аспауы керек». 2-3 жастағы балаларға және 4-5 жастағы балаларға арнап жасақталған ас мәзірі келісілді.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңесі «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 2023 жылғы 4 қазандағы №328 бұйрығымен бекітілген құрамда жұмысын жалғастырсын
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы барысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекүті туралы» №355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы №56 бұйрығы басшылыққа алынсын
3. Қамқоршылық кеңесінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін
4. Жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін
5. «№24 «Ақку» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК –ның тәрбиеленушілерді тамақтандыру бойынша күзгі-қысқы мезгіліне арналған он күндік ас мәзірі бекітілсін

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасының орынбасары:

Мүшелері:

Маден А.Б.

Жолмуратова Г.С.

Даришева Д.У.

Тлепова Л.К.

Симанова Г.Т.

Төлеуқызы М.

Кулманова А.

Нағыметова Н.А.

Балмагамбетова Г.Т.

Хатшы:

Көшербаева Г.Б.

Келісілген:

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

2025-2026 оқу жылы

Қамқоршылық кеңесінің II-отырысы

Хаттама №2

Өткізілген күні: 12.12.2025 ж.

Қатысты: 9

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңесінің алдыңғы отырысында қабылдаған шешімдердің орындалуы бойынша қорытындылау
2. «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісінің 2025 жылы атқарылған жұмысы бойынша қорытынды есебін беру
3. Қамқоршылық кеңесінің 2025-2026 оқу жылының бірінші жартыжылдығында жасаған жұмысын қорытындылау
4. Жаңа ас мәзірін талқылау
5. Әртүрлі мәселелер

Отырыстың барысы:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Маден А.Б. қамқоршылық кеңесінің II-отырысын аша отырып, күн тәртібімен таныстырды. Алдыңғы отырысында қабылданған шешімдер бойынша және жүргізілген жұмыстар бойынша талдап, қорытындылады.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Маден А.Б. «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісінің 2025 жылы атқарылған жұмысы бойынша қорытынды есебін тыңдау үшін сөз берді.

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгеруші Жанжигитова Ф.Ж.:

Құрметті Қамқоршылық кеңесінің мүшелері!

2025 жылы біздің балабақшада бюджет қаражаты мен қосымша түсімдер жоспарға сәйкес мақсатты түрде жұмсалды.

Бүгін сіздерге қаржылық шығындардың негізгі бағыттарымен, олардың орындалуымен таныстыруға рұқсат етіңіздер!

I. Бюджеттік қаржыландыру

Бюджетпен келісім шартқа қаңтар айында отырамыз. 2025 жылы балабақшаға жанбасына қаржыландырумен бөлінген жалпы бюджет 97 299 456 теңге. Бұл қаражат келесі бағыттарға жұмсалды:

Жалақы: 64 218 496 теңге

Салықтар: 20 779 142 теңге

Коммуналдық шығындар: 8 762 618 теңге.

Күзет: 3 539 200 теңге.

II. Материалдық-техникалық базаны нығайтуға бөлінген қаражат

Бәріміз білеміз 2024 жылы біз күрделі жөндеуден өттік, бюджеттен материалдық базаны нығайтуға 23 млн. 740 мың теңге қаржы бөлінді. Оның ішінде

2 млн. 399 мың теңгеге Лэд экран алынды, 5 млн. 740 мың теңгеге жертөледегі үш кабинет жасалды («Біртұтас тәрбие» бөлмесі, тұз шахтасы, кітапхана бөлмесі), 15 млн. 601 мың теңгеге асханаға пеш, топ бөлмелердің жиһаздары, кілемдер алынды.

III. Тамақтандыруға жіберілген қаражат

Балабақшаның сыйымдылығы – 95 бала. Ваучерлік қаржыландыруға көшкелі бері қазір балабақшада 88 бала бар, 7 бала ширатта ваучер күтуде. Тамақтануға қаржы баланың келген күніне ата-аналар жарнасынан алынады. Балалардың жас ерекшелігіне сай тамақтану нормалары сақталып, азық-түлік уақытылы сатып алынып тұр. Азық-түлікті балабақшаға Мемлекеттік сатып алу платформасына сүйене отырып конкурс арқылы, ҚР Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы №598 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы 10.10.2022 жылғы №359 бұйрығы негізінде сатып алынады.

2025 жылда балабақшаға бөлінген бюджеттен қаражат толық көлемде тиімді игерілді. Балалардың қауіпсіздігі, сапалы білім мен тәрбиемен қамтамасыз етілуі, материалдық базаны жақсарту, бағытында жоғарыда айтылған жұмыстар жүргізілді.

Балаларды тәрбиелеу-білім беру үдерісіне келетін болсақ, оқу жылының басында бөбекжай-балабақшаның жылдық жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Барлық топтардың тәрбиеленушілер контингентінің тізімдері, оқу жұмыс жоспарлары педагогикалық кеңес отырысында қаралып, бекітілді. Осы бекітілген жоспар бойынша тәрбиеленушілерді тәрбиелеу-білім беру үдерісі жүргізілуде. Педагогтеріміз балалармен түрлі тақырыптарда, мерекелерге арналған тақырыптық шаралар, ертеңгіліктер ұйымдастырып өткізді. Ертеңгіліктерге ата-аналар қатыстырылды.

Педагогтеріміз бен тәрбиеленушілеріміз түрлі байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып, дипломдармен марапатталып жатыр. Тәрбиешілеріміз қалалық мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиешілеріне арналған семинар-практикумдарға қатысып, іс-тәжірилерімен бөлісіп жатыр. Бекітілген жоспар бойынша ары қарай да жұмыстар жалғастырылады.

Қамқоршылық кеңес тарапынан көрсетілген қолдауларыңыз үшін Сіздерге алғысымызды білдіреміз!»

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-ның 2025 жылы атқарылған жұмысы Қамқоршылық кеңесінің мүшелері тарапынан «жақсы» деп қорытындылады.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Маден А.Б. 2025-2026 оқу жылында жасаған жұмысын қорытындылады: ««№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-ның тәрбиеленушілерін тамақтандыру бойынша күзгі-қысқы мезгіліне арналған он күндік ас мәзірі Қамқоршылық кеңесімен келісіліп, бекітілді. 2025 жылға балаларды тамақпен қамту бойынша конкурсқа шығуына байланысты, мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына балаларды

тамақтандыруға қажетті тағамдардың бағалары Қамқоршылық кеңесімен келісіліп, конкурсқа ұсынылды. Қамқоршылық кеңесі мүшелері балабақшаның материалдық базасын нығайтуға, балалардың жақсы жағдайда білім алып тәрбиеленуіне көмек беруді жалғастырады.»

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгеруші Жанжигитова Ф.Ж. жаңа Тамақтандыру стандартына сәйкес 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа ас мәзірі енгізілетінін айтты: «Жаңа ас мәзірі 4-апталық мәзір. Оның ішіне жаңа азық-түлік өнімдері енгізілген. Мысалы, жылқының еті, пробиотик қосылған йогурт, каркаде шәйі, асқабақ сияқты т.б. өнімдер бар. Ас мәзірінен шәй алынып тасталып, орнына жеміс сусындары қосылды». Жаңа ас мәзірі Қамқоршылық кеңесінің мүшелері арасында толық талқыланып, келісілді.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Маден А.Б. отырысты қорытындылай келе, ары қарай да балабақшамен бірлесе жұмысын жалғастыра отырып, балабақшаның көркемдей беруіне тілек білдірді.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңесінің алдыңғы отырысында қабылдаған шешімдер «орындалды» деп қорытындылансын
2. «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-нің 2025 жылы атқарылған жұмысы «жақсы» деп қорытындылансын
3. Жаңа Тамақтандыру стандартына сәйкес құрылған жаңа ас мәзірі келісіліп, бекітілсін.
4. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы жоспар бойынша ары қарай жалғастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасының орынбасары:

Мүшелері:

 Маден А.Б.

 Жолмуратова Г.С.


 Даришева Д.У.

 Тлепова Л.К.

 Симанова Г.Т.

 Төлеуқызы М.

 Кулманова А.

 Нағыметова Н.А.

 Балмагамбетова Г.Т.

Хатшы:

 Көшербаева Г.Б.

Шешім:



«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

2025-2026 оқу жылы

Қамқоршылық кеңесінің III-отырысы

Хаттама №3

Өткізілген күні: 30.03.2026 ж.

Қатысты: 9

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібі:

1. Ата-аналардың мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру жағдайларына қанағаттану дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілген анонимді сауалнаманы қорытындылау
2. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру жағдайларының ары қарай дамуын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу
3. Өртүрлі мәселелер

Отырыстың барысы:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Маден А.Б. қамқоршылық кеңесінің III-отырысын аша отырып, күн тәртібімен таныстырды. Алдыңғы отырысында қабылданған шешімдер бойынша және жүргізілген жұмыстар бойынша талдап, қорытындылады.

Төраға наурыз айында ата-аналар арасында мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру жағдайларына ата-аналардың қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілгенін айтып, қорытындылады: «Қазіргі таңда балабақшада 88 тәрбиеленуші бар. Оның ішінде демалыс алған, келмей жүрген балалар бар. Соларды қоспағанда, барлығы 67 ата-анаға сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың мақсаты – ата-аналардың балабақшадағы тәрбиелеу-білім беру үдерісіне, жасалған жағдайларға қанағаттану деңгейін анықтау болды. Сауалнама 13 сұрақтан тұрады. Сауалнама қатысқан ата-аналар барлық сұрақтарға толық жауап беріп, өздерінің ұсыныс-тілектерін жазды.

Ата-аналардың жауаптарына қарай қорытындылайтын болсақ, ата-аналарға балабақшадағы балалардың дамуына жасалған жағдай ұнайды, көңілдері толады, тәрбиешілердің қарым-қатынасына да қанағаттанады. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру жағдайларын ары қарай жақсарту, толықтыру бойынша қандай ұсыныстарыңыз бар дегенде кейбір ата-аналар (19 %) қосымша қызметтер ашылса, логопед маманы штатты түрде болса деген ұсыныстар жазған. Қалғаны ризашылық білдіріп, жақсы тілектер жазған». Дегенмен де, баланы тәрбиелеу-білім беру үдерісіне қойылатын талаптар күннен күнге заман талабына сай күрделеніп келеді, сондықтан, сол талаптарға сай толықтыру, жақсарту жұмыстары жалғаса беру керектігін айтылды. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру жағдайларының ары қарай дамуын қамтамасыз ету бойынша келесі ұсыныстар қабылданды:

1. Балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында қосымша қызметтер қарастыру
2. Заттық-көністіктік дамытушы органның толықтырылуын қамтамасыз ету.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы балабақшаның ауласы мен айналасында көктемгі тазалау жұмыстарын ұйымдастыру мен абаттандыру

жұмысын ұйымдастыруға көмек беруді ұсынды. Ата-аналар комитетімен жұмыс жасап, ата-аналарды қатыстыруды тапсырды.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы балабақшада ай сайын Бракераждық комиссия тарапынан тексеру жұмыстары жүргізіліп отырғанын айтты: «Тексеру барысында тамақ өнімдерінің сақталу ережелерінің орындалуы, тазалық кестесінің сақталуы, тәуліктік сынамалардың таңбалануы, ыдыстардың өңделуі, тағамдарды әзірлеуге қойылатын талаптардың орындалуы, құжаттардың жүргізілуі тексеріледі. Барлық тексерістер бойынша қорытындылар жасалып, инстаграм парақшасына салынып отырылады». Балаларды тамақтандыру бойынша пікірлер айтылды.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңесінің алдыңғы отырысында қабылдаған шешімдер «орындалды» деп қорытындылансын
2. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру жағдайларына ата-аналардың қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама «81% толық қанағаттанған» деп қорытындылансын
3. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру жағдайларын ары қарай жақсарту, толықтыру бойынша жасалған ұсыныстар орындалсын
4. Балабақшаның ауласы мен айналасында көктемгі тазалау жұмыстарын ұйымдастыру мен абаттандыру жұмысын ұйымдастыруға көмек берілсін
5. Бракераждық комиссия тарапынан тексеру барысында жасалған ұсыныстар орындалсын
6. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы жоспар бойынша ары қарай жалғастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасының орынбасары:

Мүшелері:

Маден А.Б.

Жолмуратова Г.С.

Даришева Д.У.

Глепова Л.К.

Симанова Г.Т.

Төлеуқызы М.

Кулманова А.

Нағыметова Н.А.

Балмагамбетова Г.Т.

Хатшы:

Көшербаева Г.Б.

Келісілді:

«№24 «Ақсу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

меңгерушісі:

Жанжигитова Ф.Ж.



«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

2025-2026 оқу жылы

Қамқоршылық кеңесінің IV-отырысы

Хаттама №4

Өткізілген күні: 26.05.2026 ж.

Қатысты: 9

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібі:

1. «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісінің мектепке дейінгі ұйымның қызметі туралы есебін тыңдау
2. Қамқоршылық кеңесінің оқу жылындағы жұмысын қорытындылау. Проблемаларды талдау, даму стратегиялары мен перспективалары
3. Жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру туралы
4. Өртүрлі мәселелер

Отырыстың барысы:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Маден А.Б. Қамқоршылық кеңесінің IV -отырысын аша отырып, күн тәртібімен таныстырды.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Маден А.Б. «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісінің 2025-2026 оқу жылында жүргізілген жұмысы туралы есебін тыңдап, «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК 23.04.2026 жылғы №23 бұйрығымен құрылған комиссиямен жүргізілген өзін-өзі бағалаудың қорытындысымен танысу үшін сөз берді.

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгеруші Жанжигитова Ф.Ж. сөз алды:

2025-2026 оқу жылына бөбекжай-балабақшада 4 топ жасакталды: бір кіші топ (2 жастағы балалар), екі ортаңғы топ (3 жастағы балалар), бір ересек топтар (4 жастағы балалар). Балабақшаның оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Оқу жұмыс жоспары педагогикалық кеңес отырысында қаралып, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-мен келісіліп, бекітілді. Барлық топтардың тәрбиеленушілер контингентінің тізімдері, күн тәртібі, ҮІӨ кестелері бекітілді. Оқу жылы барысында тәрбиеленушілерді тәрбиелеу-білім беру үдерісі Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде құрылған перспективалық жоспар бойынша жүргізілді.

Барлық педагогтердің педагогикалық және тиісті бейін бойынша білімдері бар. Педагогтер біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір рет арттырып тұрады. Барлық педагогтер біліктілігін арттыру курстарынан уақытылы өтіп отырады.

Әр топта ойын бөлмесі, жатын бөлмесі, қабылдау бөлмесі, дәретхана, ыдыс жуу бөлмелері бар. Барлық топтар қажетті жиһаздармен жабдықталған. Төсеніштер, ыдыс-аяқтар, жатын төсеніштері жеткілікті. Топтар мектепке

дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сай безендірілген. Сонымен қатар, ғимаратта меңгеруші кабинеті, әдіскер кабинеті, медбике кабинеті, есепші кабинеті, кір жуу бөлмесі, асхана, қосалқы бөлмелер бар. Қажетті жабдықтармен және жиһазбен толық қамтылған. Қосалқы қабатта спорт және музыкалық залы біріктіріліп орналасқан. 2025 жылдың сәуір айында балабақшада үш бөлме ашылған болатын: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша жабдықталған бөлме, «Балалар кітапханасы» және «Тұзды шахтасы». Соған қоса осы оқу жылында «Робототехника бөлмесі» жасакталды. Топтарда «Жасыл балабақша» жобасы бойынша бұрыштар ұйымдастырылды. Жаз мезгілінде педагогтерге балабақша аумағындағы үлескелерді безендіру бойынша тапсырмалар берілді. I маусым мерекесіне орай балабақшамызда үлкен, ауқымды шара ұйымдастырылмақ, соған дайындық жұмыстары қызу жүруде.

Өзін-өзі бағалау барысында кадрлық құрамға талдау, тәрбиеленушілер контингентінің құрылымына талдау, тәрбие және оқыту мерзіміне қойылатын талаптарының орындалуына талдау, оқу-әдістемелік жұмыстың жүргізілуіне талдау жасалды, оқу-материалдық активтер, Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры тексеріліп, жинақталды, тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау бойынша тексеріліп, қорытындыланды. Өзін-өзі бағалау қорытындысы балабақшаның сайтына орналастырылады».

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз пікірлерін айта отырып, «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК 2025-2026 оқу жылында жүргізілген жұмысын «жақсы» деп қорытындылады.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Маден А.Б. 2025-2026 оқу жылында жасаған жұмысын қорытындылады: «Қамқоршылық кеңесінің қазіргі құрамы «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 2023 жылғы 4 қазанғы №328 бұйрығымен бекітілген болатын. Сол кезден бастап осы құрамда жұмыс жасадық. Оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Сол жоспар бойынша оқу жылы барысында 3 отырыс өткізілді, мынау біздің төртінші отырысымыз болады. Барлық Қамқоршылық кеңесінің отырыстарының шешімдері хаттамаға тіркеліп, төраға және хатшы қолымен расталып отырылды. «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-ның тәрбиеленушілерін тамақтандыру бойынша жаңа тамақтандыру стандартына сәйкес ас мәзірі Қамқоршылық кеңесімен келісіліп, бекітілді. 2026 жылға балаларды тамақпен қамту бойынша конкурсқа шығуына байланысты, мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына балаларды тамақтандыруға қажетті тағамдардың бағалары Қамқоршылық кеңесімен келісіліп, конкурсқа ұсынылды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері балаларға сапалы тәрбие мен білім беру үшін қажетті жағдай жасау, балабақшаның материалдық базасын жаңарту, мақсатында жұмыстар жүргізді. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында балабақшаның музыкалық залын безендіруге қажетті жанажылдық бұйымдар алынып берілді. Бірақ, сырттан демеушілік есеп шотына ешқандай қаржы түскен жоқ. Қамқоршылық кеңесі мүшелері педагогтермен бірлесе балабақшада өткізілген

барлық шараларды, ертеңгіліктерді, спорттық сайыстарды ұйымдастыруға көмек берді. Алдағы уақытта балабақшаның жөндеу жұмысына, үлескелерін абаттандыру, безендіру жұмыстарына көмек беруге шақырамын.»

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Маден А.Б. ары қарай да балабақшамен бірлесе жұмысын жалғастыра отырып, балабақшаның көркемдей беруіне тілек білдірді.

Шешім:

1. «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-нің 2025-2026 оқу жылында жүргізілген жұмысы «жақсы» деп қорытындылансын.
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы «жақсы» деп қорытындылансын.
3. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы жоспар бойынша ары қарай жалғастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасының орынбасары:

Мүшелері:



Маден А.Б.



Жолмуратова Г.С.




Даришева Д.У.



Тлепова Л.К.



Симанова Г.Т.



Төлеуқызы М.



Кулманова А.



Нағыметова Н.А.



Балмагамбетова Г.Т.

Хатшы:



Көшербаева Г.Б.

Келісілді:

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
меңгерушісі:



Жанжигитова Ф.Ж.